

«Бекітемін:»

«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Менгерушісі:  R.Каныбекова



**«Бал-бөбек» бөбекжай балабақшасының  
2021-2022 оқу жылына арналған Өндірістік  
кеңестің хаттамалары.**

Шұбарсу елді мекені

2021-2022 оқу жылы

# **Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС**

**2021-2022 оку жылы өндірістік кеңес ХАТТАМАСЫ №1**

**21.09.2021 жыл**

**Катысқаны-10**

## **Күн тәртібі**

- 1.Жазғы сауықтыру кезіндегі іс-шаралардың қорытындысы.
2. Балабақшаның жаңа оку жылына дайындығы туралы
3. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғаудың нұсқаулығымен таныстыру туралы

**Сөз сөйлегендер:**

- 1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Жазғы сауықтыру кезіндегі іс-шаралардың қорытындысы» туралы балабақша әдіскері баяндама жасады, ол жазғы сауықтыру кезеңінде түрлі қызықты іс шаралардың өткендігін және тәрбиешілер тарапынан іс шараны өткізуде өте белсенділікпен, балаларды қызықтырып өткізгендігін тәрбиеленушілерге шығармашылқта инновациялық әдіс тәсілдерді қолдана отырып сурет салғызды, ән – би байқауын, эстафеталық сайыс түріндегі ойындар, ертегі айту, жұмбақ шешу, мақал мәтел айту сайысын ұйымдастырып балалар мен ата аналар алғысына бөлгендігін айтып өтті. Осы сәтте балабақша басшысыда өз тарапынан қызметкерлерге алғысын білдірді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Балабақшаның жаңа оку жылына дайындығы туралы» бойынша балабақша менгерушісі Р.Ш. Қаныбекова сөз алыш жаңа оку жылына балабақшаның ішкі және сыртқы бөлімдеріне ағымдағы жөндеу яғни топтардың іші мен сыртын бояу әрлеу жұмыстары жасалды, топтың ішіндегі бұрыштарды жаңартып дидактикалық материалдар, ойыншықтар қостық, ауладағы жазғы самалдыққа жөндеу жұмыстары жасалып, ауданың табиғи заттың дамытушы ортадарына күтіп баптау жұмыстары жүргізілді. Жалпы балабақша жаңа оку жылына жақын дайындықпен келді деп айтты.
- 3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғаудың нұсқаулығымен таныстыру» туралы балабақша тәрбиешісі Сейткеримова Б.М. сөз алды- балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және ата аналар мен басқа да қызметкерлер қатысуы керек.Әрбір сүйіспеншілікке толы ата - ана үшін олардың баласы өмірдегі ең жақсы әрі ең қымбаты. Балалар нұсқаулықтағы ережеге әрдайым мойынсұна бермейді, әсіресе кішкентай кездерде. Сондықтан баланы балабақшага әкелген кезде, баланың жарақаттануына жол бермеу үшін тұрақты

нұсқаулықты сақтау ете маңызды. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Мұнда әрбір бала үшін балабақша қызметкерлері яғни біздер тікелей жауапты тұлғалар болып саналамыз деп сөзін аяқтады. Жоғарыдағы күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе төмөндегіше.

## Каулы етті

1. Бұғінгі өндірістің кеңестің жиналысында қаралған мәселелердің барлығыда қанағаттанарлық деп табылсын.

Балабақша менгерушісі РДЦ Қаныбекова

Хатшы:  С.М. Сейткеримова



# **Ордабасы ауданы «Бал-бебек бөбекжай балабақшасы» ЖШС**

## **Өндірістік кеңес ХАТТАМАСЫ №2**

**15.12.2021 жыл**

**Катысқаны-10**

### **Күн тәртібі**

- 1.Балабақша ішілік еңбек тәртібі ережесімен танысу
2. Балалардың өмірімен денсаулығы бойынша нұсқаулықты орындау
- 3.Бірінші жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі.

### **Сөз сөйлегендер:**

1.Балабақша менгерушісі С.Сағынбекқызы бірінші мәселе бойынша төмендегі ережелерді қызметкерлерге таныстырып өтті.

Әрбір қызметкер өзінің лауазымдық міндетін адал орындауы, еңбек тәртібін сақтауы, басшының өзінің лауазымдық қызметіне сәйкес берілген бұйрықтарын және тапсырмаларын уақытылы сапалы орындауы, жұмыс уақытын өндірістік және нәтижелі еңбек үшін тиімді пайдалануы керектігін, тиісті қызметкерлер кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттыруы, кәсіби дағдыларын жетілдіруі, ұсынылған ақпараттық мәліметтердің дұрыстырыбы үшін жауапты болуы, басқа жұмыскерлерге нұқсан келтірітін әрекет жасамауы, өзіне сеніп тапсырылған мүлікті сақтауы, оны жұмысында тиімді қолдануы, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, өндірістік санитария, еңбек гигиенасын және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын орындауы, жұмыс орнын, жиһаз, жабдықты жұмыс қалпында ұстауы, топтарда және балабақша аумағында тазалық және тәртіп орнату, материалдық құндылықтар және құжаттарды белгіленген тәртіpte сақтау, қызметтік әйтка нормаларын ұстану, басқа қызметкерлер тарапынан қызметтік этика нормаларының бұзылуын болдырмау туралы айтты.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі АҚЕРКЕ балалардың өмірімен денсаулығы бойынша нұсқаулықты орындауы туралы қысқаша айтып өтті. Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, баланың дene тәрбиесінің сапалық дамуын, тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның өміріне қажетті қимыл ептілігін қалыптастыру, баланың қимыл белсенділік талабын жүзеге асыруға жағдай жасау, салауатты өмір салтының талаптарына сай тәрбиелеу, психологиялық және физиологиялық саулықпен қамту топтардағы денешынықтыруға арналған бұрыштарды толықтырып отыру осының барлығыны дұрысынан пайдаланып жұмыс жүргізуі керектігін айтты.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алып Балабақша тәрбиешілеріне. Балаларды дастарқан басында отыру ережелерін арнайы оқу қызметте және тамақтану кезінде де

Үйретуге болады. Тамақтану кезінде тәрбиеші қалай тамақтану керектігін өзі көрсетіп, баламен бірге тамақтанып, не үшін керектігін жеткізу керек топтағы екі кезекші бала көмекші тәрбиешіге ертеңгілік асқа үстелді жасап әзірлеуіне көмек береді, орындықтарын алғып, үстелге қойып, қолдарын жуады, қолдарын жуып келген сон арнайы кезекшілікке арналған алжапқыштарын тағып, кезекші міндеттерін орындауды керектігін, кезекшілер үстелге арнайы ыдыстарға салып, қойған наңдарды әр үстелдерге таратып қояды, тарелкаларын таратып ботқаларын әкеліп қояды, ас дайын болған соң көмекші тәрбиешінің қасында тұрады. Тәрбиеші балаларды үстелде отыруы бойынша балалар орындықтарын алғып орындықтарына отыруы керектігін айтады. Тәрбиеші балаларға аяқтарын жинап, орындықтарын жақындастып, арқаларын тік ұстап түзу отырулары керектігін ескертуі керетігін айтты. Балабақша ережелер дұрыс орындалғандықтан науқастық тіркелу болған жоқ деп сөзін аяқтады. Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

Қаулы етті

1. Бұғінгі өндірістің кеңестің жиналысында қаралған мәселелердің барлығыда қанағаттанарлық деп табылсын.

Балабақша менгеруышы Р.Ш.Қаныбекова

Хатшы: С.М.Сейткеримова



# **Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС**

## **Өндірістік кеңес ХАТТАМАСЫ №3**

**18.05.2022 жыл**

**Катысқаны-10**

### **Күн тәртібі**

- 1.Жазғы маусымдық сауықтыру кезеңін өткізу іс шараларын талдау, бекіту.
2. Жаз кезеңінде азық- туліктердің сапасы мен оның алуан түрлілігі және тәрбиеленушілердің тамағын дәрумендендіру.
3. Балалардың науқастығы туралы есеп беру.

### **Сөз сөйлегендер:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жазғы маусымдық сауықтыру кезеңі өткізу іс-шараларының жоспарын талдау және бекіту туралы балабақш әдіскері Б.Сейіткеримова сөз алғып әрине жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – өлардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шындауға бағытталған апталықтар мен сайystарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алатын кезеңі; сондықтан жазғы ссауықтыру кезеіндегі өтетін іс шараларды сапалы өткізуді ұсынды.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жаз мезгіліндегі азық-түліктердің сапалылығы мен алуан түрлілігі және балалардың тамағын дәрумендендіру туралы балабақша мейірбикесі Лесбекова Ж.Б.сөз алғып, сапалы дәруменсіз біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің физикалық және дene дамуы мен ақыл ойының дамуына кедергісін тигізеді. Жаз маусымында жемістер мен көкіністер көптеп пісетіндіктен балаларға санитарлық талапқа сәйкес жас ерекшеліктерін ескере отырып осындағы дәрумендерді күнделікті береміз. Ас мәзірінде дәрумендердің түрлерін көбірек ендіріп балаларға сапалы дәрумендерді беріп отырамыз деп сөзін аяқтады.
- 3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша яғни балалардың науқастығы туралы есеп беру туралыда балабақша мейірбикесі

Лесбекова Ж.Б. сөз алып жалпы балабақшадағы тәрбиеленушілердің денсаулығы мен науқастығы туралы жоғары тұрған мекемелерден келіп түсken хаттар бойынша барлық есептер тұрақты мерзімінен кешіктірілмей есептер беріліп тұрады. Балабақшадағы балалардың науқастығы туралы айтатын болсам нақте есепте науқастығы бойынша есепте тұрған бала жоқ деп жауап берді. Жоғарыда айтылған мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

Каулы етті

1. Бұғынгі өндірістің кеңестің жиналысында қаралған мәселелердің барлығыда қанағаттанарлық деп табылсын.

Балабақша менгерушісі Гүлшатын Каныбекова

Хаты:



С.М. Сейткеримова